

"Арнайы экономикалық аймақтар аумағында жүзеге асырылатын қызметтің басым түрлерінің тізбесін және Арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 72 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 128 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 18 сәуірде № 35995 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Арнайы экономикалық аймақтар аумағында жүзеге асырылатын қызметтің басым түрлерінің тізбесін және Арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2024 жылғы 22 ақпандағы №72 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34030 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесіне:

2-қосымшаның 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. "Jibek Joly" арнайы экономикалық аймағы:

- 1) химия өнеркәсібінің өнімдерін өндіру;
- 2) резеңке және пластмасса бұйымдар өндіру;
- 3) өзге де бейметалл минералды өнімдер өндіру;
- 4) жобалық-сметалық құжаттама шегінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыруға тікелей арналған объектілерді салу және пайдалануға беру;
- 5) тамақ өнімдерін өндіру;
- 6) тоқыма бұйымдарын өндіру;
- 7) киім өндіру;
- 8) былғары және оған жататын өнімдерді өндіру;
- 9) жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдар өндіру;
- 10) қағаз және қағаз өнімдерін өндіру;
- 11) негізгі фармацевтикалық өнімдер мен фармацевтикалық препараттар өндіру;
- 12) металлургия өндірісі (негізгі асыл және түсті металдар өндірісін және өзге де түсті металдар құю қоспағанда);
- 13) машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру;

- 14) компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдықтар өндіру;
- 15) электр жабдықтарын өндіру;
- 16) басқа топтамаларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндіру;
- 17) автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндіру;
- 18) басқа көлік құралдарын өндіру;
- 19) жиһаз өндіру;
- 20) өзге де дайын бұйымдар өндіру."

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіптік инфрақұрылымды және елішілік құндылықты дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды, жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі*

Е. Нағаспаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі